



# Софокл өмірбаяны, еңбектері

Орындаған : Джанабаева А.


202-АФ

**Софокл** (гр. *Σοφοκλής*) (б.з.б. 496 – 406 ж. ш.) – ежелгі грек ғұламасы, драматургиялық біздің заманымыздан бұрын 440 – 439 жылы әскери қолбасшы болған. Ол мемлекет істеріне де араласып, эллиндер мәдениетінің дамуына үлес қосқан.

Эсхилдан кейінгі афиндық ұлы трагик ақын Софокл б.з.б. 496 жылы Афины жанындағы Колон деген жерде дүниеге келген.


Оның әкесі Софиил қару-жарақ шеберханасының кожайыны болды. Яғни, материалдық жағынан дәулетті болған Софиил өз баласына жан-жақты, терең білім беруге талпынды. Сонымен бірге, Софоклды гимнастика мен музыка өнеріне баулыды.


Ертеден жеткен мәліметтер бойынша 120-дан астам драма жазған, 30 мәрте трагик ақындардың айтысына қатысып, 24 рет бас бәйгені иемденген. Бізге 7 драмасы толығымен, 90-нан астамы үзінді қойылымдар түрінде жеткен.



Софокл б.з.б. V ғасырдағы грек жұртының ең сүйікті трагик ақындарының бірі болған. Ол 60 жылдық шығармашылық өмірінде 123 драма жазды. Яғни орта есеппен алғанда жылына 2 рет алқалы топтың алдына шығып отырған. Оның шығармалары ылғи сәтті болып, 24 рет бірінші орын алған, ара-арасында екінші орынды місе тұтқанымен, ешуақытта үшінші орын алып немесе жеңіліп көрмеген. Софокл өз дәуірінде атақты болғанымен, оның біздің заманымызға дейін 7 драмасы ғана жеткен.

Софокл шығармаларында көтерілген негізгі мәселе – жеке адам тағдыры. Драматург Грекиядағы құл иеленушілік қоғамның дамып, гүлденген кезеңін, қоғамдық-саяси оқиғаларға толы өзгерістерді, елдегі демократиялық жағдайды бейнелейді. Софокл өзіне дейінгі трагиктер пікірлерімен келісе отырып, актерлар санын, хор орындаушылардың санын он бес адамға дейін көбейтті, драмалық әрекетті күшейтті, хор бөлімдерін қысқартты. Шығармаларына музыкалық өңдеу жасап декорациялық живописьті қосты. Алғашқы кезде жазған шығармаларының бірі – «Триптолемде» патриоттық тақырыбын көтерумен қатар, егіншілік пен молшылық құдайы Деметраның халыққа жер бөліп берген камқорлығы жөнінде айтылады.





“Антигона”



Жас арудың ағасына деген жанашырлықтан басын өлімге тігуін бейнелейді

“Эдип патшасы”



Әкесін өлтіріп күнәға батқан ұлдың жайын бейнелейді

“Электра”



Әке өлімі үшін қызының кек алуын

“Трахинянкiлер”

Соғыс майданында әрдайым мерейі үстем болған Гераклдың өлімін бейнеледі

“Колондағы  
Эдип”

Әкесін өлтіріп күнәға батқан ұлдың жайын бейнелейді

“Филоктет”

Адалдыққа қулық-сұмдықтың, зұлымдықтың қарсы қойылуын баяндайды